

Несібелді Иманқызы



АСТАНА – АҚОРДА

Несібелді
Иманқызы

АСТАНА – АҚОРДА

*Өлеңдер және
поэмалар*



“Сөздік-Словарь”
2007

ББК 84 Қаз 7-5
И 48

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
017 “Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару”
бағдарламасымен басылып шықты.*

И 48 Иманқызы Несібелді
Астана — Ақорда: — Алматы: Сөздік-Словарь,
2007. — 96 бет.

ISBN 9965-822-28-X

Егемендігіміздің символы іспеттес, жаңарған қала Астананы және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді жырға арқау еткен ақын Несібелді Иманқызы еліміздегі игілікті істерді шаттана өлеңмен өріп, бүгіні мен болашағын, жарқын келешегін ақындық қуат сезімімен, үлкен тебіреніспен жырлайды.

Жинақ жырсүйер жалпы оқырман қауымға арналған.


И $\frac{4702250202}{00(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-822-28-X

© “Сөздік-Словарь”, 2007.
© Иманқызы Н., 2007

Лирика



ӘН АРНАУЫ АСТАНА АҚМОЛА — АСТАНА

Әні мен сөзі (өлеңі) Несібелді Иманқызынікі

Саяжай самалды өлке Ақмоламыз,
Халқымды асқан дәулет баққа ораңыз.
Астана мәртебесін алып берген
Елбасы Нұрсұлтан — деп, мақтанамыз.

Қайырмасы:
Астанам жыр дастан
Шуақты нұрлы аспан
Жүзінен нұр шашқан
Байрағым желбіреп,
Бақытқа жол ашқан.

Ақмолам тоғыз жолдың торабында
Айналды тоғысқан ел тұрағына
Жол шеккен жолаушыны жылы жүзбен
Қарсы алып есептейді қонағына.

Қайырмасы.

Алматы, Ақмола елдің қос жүрегі,
Ат басын Ақмолаға көш тіреді,
Көтерген шаңырағын астанаға,
Ағынан ақтарылды дос тілегі.

Қайырмасы.

Жерұйық Ақмоладай бар ма екен,
Сөзімді деменіздер жалған екен.
Ақ ордам алты Алаштың астанасы
Париждей болса екен деп арман етем.

Қайырмасы:
Астанам жыр дастан
Шуақты нұрлы аспан.
Жүзінен нұр шашқан
Байрағым желбіреп,
Бақытқа жол ашқан.

ОТАН

Отаным жерұйығым, алтын бесік,
Бағдарлы болашаққа аштың есік.
Шаттықтың сазды әуені шалқып есіп,
Жатырмыз бақ, дәулетті халқым кешіп.

Атқанда алтын арай ақ тандарым,
Боялып нұрларына жатқан маңым.
Нығайтып Отанымның іргетасын,
Ерліктің жұлдыздарын таққан бәрі.

Кендігін айдын шалқар шабыт беріп,
Сайрады сандуғаштай алып ерік.
Шетелдік достарымыз жатыр келіп,
Айқасқан құшақтардың бәрі берік.

Аймағым орман, тоғай нұрлы көрік,
Шаттыққа бөленесің мұны көріп.
Тұлғанды туған Отан мақтан етем,
Жүректің жылуымен жыр ғып өріп.

Көз тігем құштарлықпен атар таңға,
Отансыз деген ұғым батар жанға.
Отаншыл ұлы сөздер тарап қанға,
Сақтасам жалбарынам жаратқанға.

Отаным төсің дүбір асқан белім,
Даңқың жер жиһанға асқан сенің.
Жібектей беттен өбіп самал желің,
Қарыштап болашаққа басқан елім.

Төгілтіп маңдайлардың күміс терін,
Ауқымды атқарылды жұмыс керім.
Жолдауын Елбасының басшылыққа ап,
Әлемге аян болды үлгі істерім.

ТУҒАН ДАЛА

Туған дала пұшпағын,
Таптамаған бар ма жан.
Ұшырып көңіл құстарын,
Арманымды қармағам.

Саф алтындай ауасын,
Сімірдім бойға бар шырын,
Содан көңіл дауасын
Таптым алып жан нұрын.

Отын жағып жүректің,
Қан тамырын жүргізген.
Далама тұнған гүл ектім,
Жанарда жанған жұлдызбен.

Қанат беріп қиялға,
Туған далам түлеттің.
Самғадым зеңгір қияға
Айбыныммен жүректің.

Бабаларым бөтенге
Бастырмаған пұшпағын.
Даламды қорғап өтем де,
Аттатпаймын дұшпаның.

Бабаларым сақтаған,
Қойның толы кең далам.
Сенен қонып бақ маған,
Саянда өскен мен балаң.

ҚАЗАНБАЙ

Қазанбай кіндік қаным тамған жерім,
Ып-ыстық ықыласым саған менің.
Балдәурен балалығым елестейді,
Арманға жетелейді алдан керім.

Қазанбай салқын самал саяжайым,
Көсіліп көлеңкеде саялайын.
Еске алып сонау өткен күндерімді,
Сыр төгіп болған жайды баяндайын.

Жусаны жұпар шашқан шекер балдай,
Мейірің қанша жұтсаң кетер қанбай.
Өмірге құштарлықпен талпынамын,
Көздеген мақсатына жетер жандай.

Шашылған күн нұрымен шуақтардың,
Күшімен өн бойыма қуаттандым.
Қазанбай қасиетінді есіме алып,
Көкірек кемесінде күй ақтардым.

Қазанбай қасиетінді жүре білдім,
Жатырсың түкпірінде жүрегімнің.
Жаныма жуытпашы жадаулықты,
Есігін айқара ашып гүл өмірдің.

Болған соң салқын сая самал желдің,
Қонысын аудармаған баянды елім.
Есілдің сағаларын мекен етіп,
Халқымыз тірлігінде төккен терін.

Сауықшыл салтанатты думанды елім,
Еңбектің айдынында бұған белін.
Тербетіп тал бесікті асыл анам,
Жағанда жөргегімді жуған менің.

Қазанбай жерұйығым асыл мекен,
Ешқашан емес еді тасың бөтен.
Өзіңнен қанаттанған қызың едім,
Тапжылмай табан тіреп қасыңда өтем.

АҢСАҒАНЫМ АУЫЛЫМНЫҢ АҚ ТАҢЫ

Аңсағаным ауылымның ақ таңы,
Гүл жамылған жасыл барқыт бақтары.
Шарықтаса қиял құсым көгімде,
Елестейді балғын бала шақтарым.

Жаудыраған жауқазындар бар маңым,
Бүршік атты ақ гүлдері алманың.
Араласам, сезіміме от беріп,
Қол жетеді алыстаған арманым.

Көл бетінде кемедейін көксенді,
Қолыма алып қуалаушы ем өкпемді.
Елеместен шөгір кірген өкшемді,
Жуа теріп өткізуші ем көктемді.

Таусылмайтын қызығы мол балалық,
Ізім қалды қыр бетінде бәрі анық.
Алтыбақан аясында ән тербеп,
Талай рет таң атқанда тарадық.

Кездескенде достарыммен арамыз,
Сол күндерді еске алып қаламыз.
Ауыл жайлы айтарлықтай барамыз,
Қарттарымнан ертегіге қанамыз.

Қой-қозысы жамыраған кешінде,
Ескірмейді сонау күндер есімде.
Жұртшылықтан жасырамын несіне,
Сайрандадық ауылымның төсінде.

Талқан жасап, тары түйіп келіге,
Тай-жабағы ноқталанды желіде.
Ауылымның қымызына қанып ап,
Тайға мініп жарысушы ек желіге.

Ақтарылып ауыл десе бар шыным,
Кеңейеді кеудемдегі аршыным.
Болмаса екен ауылымда таршылық,
Деп тілейтін жанашыры жаршымын.

Педагогикалық колледждің 60 жылдық
торқалы тойына арнаймын

Бұлақтай бастау алып жыр мен әнім,
Зердеме құйып берген білім нәрін.
Армандай алтын ұя шаңырағым,
Бас иіп тәңірімдей табынарым.

Ұшырған қия белге түлегіммін,
Қадірлі қасиетінді жүре білдім.
Өткерген студенттік балғын шағым,
Жүреді лүпілінде жүрегімнің.

Тереңнен ұғындырып әдістермен,
Көретін қатемізді қарыс жерден.
Жүздері жадымызда жаңғырады,
Аяулы ұстаздарым дәріс берген.

Ұстаздың ақтау үшін сенімдерін,
Жалығып ізденуден жерінбедім.
Көргенде қошеметті ұстаздарды,
Тасиды қуанышым керім менің.

Сіңіріп санамызға алуан ғылым,
Ұшырған ұландарды талмай тыным.
Ордасы ұстаздықтың киелі ошақ,
Колледжім құтты болсын 60 жылың!

Білімнің тереңіне бойлап бастан,
Талайды тәрбиелеп даңқың асқан.
Әрқашан нұрын төксін ашық аспан,
Шашуым болсын жырым тойға шашқан.

Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздік қызметкері, Астаналық медальдің иегері, Жеңістің 50 жылдығы медалімен марапатталған, еңбек ардагері, халық ақыны Несібелді Иманқызы, педколледждің түлегі

08.10.2004 ж. Астана қаласы

АНАМНЫҢ ТІЛІ

Ана тілі газетіне

Қадамың құтты болсын ана тілім,
Дамытқан ақыл-ойды дана тілім.
Көгертіп көсегемді сән арқылы,
Сусындап ләззатыңа қанатыным.

Құлашым кеңге жайып білім менің,
Санама ұялатқан білім кенін.
Шығарып қазақ атын жер шарына,
Сөз алып ел аузына ілінгенім.

Шарықтап ел жинаған үнім менің,
Жүзімде шуақ маздап күлімдедің.
Адасып ақыл-ойдан мәңгүрттеніп,
Тілімсіз болар едім түбінде кім.

Қарышта өркен жайып жақұт білім,
Бүгінде шалқып үнім бақыттымын.
Тілдесіп, жер әлеммен пікірлесіп,
Толтырған әр сабағын жарықтығым.

Сағына аңсап күткен бұдан бұрын,
Сыпырып томағасы қырып тілім.
Ортама қайта түлеп оралған соң,
Шаттыққа бөлендім мен бұған бүгін.

Санамды дүр сілкінтіп туған тілім,
Ойымды тереңдетіп құйған білім.
Ұласып ұлы күндер думанды үнім,
Жұртымның жүрегінің жуған кірін.

Алдыма інжу тілден төгіп алтын,
Сіңірді санасына көбін халқым.
Көп сырдың жүрген бетін ашып,
Астынан сірі мұздың сөгіп алдым.

Бәрің де атсалысып жарандарым,
Қайралсын ана тілде қаламдарың.
Қатайсын ана тілім қанаттарың,
Дәуірлеп жариялық замандарым.

Жол ашып болашаққа заман бүгін,
Туды ғой ел басына самалды күн.
Самғай бер тапшың болмай,
Қыран тілім,
Тілеймін ақ сапармен амандығын.

ӘЖЕЛЕРГЕ

Әжелер бойжеткендей басын ашып,
Жүреді көшелерде алшаң басып.
Қарасаң беттеріне жүзің жасып,
Қаласың қылығына қарның ашып.

Түсініп айтқан сөздің астарына,
Әжелер жаулық кесе бастарына.
Көсілісіп кердең кеткен әжелерім
Береді қандай үлгі жастарыма.

Көсемсіп көп алдында көпіреді,
Тірідей өсегімен өлтіреді.
Бейбастақ бейпіл ауыз әжелерден
Не күтіп болашаққа отыр еді.

Алланы ауызға алса іштерінен
Төсекте шошымайды түстерінен.
Жолымен имандылық жүрмеген соң,
Береке білінбейді істерінен.

Орындап бес парызды тәубеңе кел,
Ынталы ықыласыңды Аллаға бер.
Жәннаттан орын беріп жарылқасын,
Қараңғы ертеңгі бір баратын жер.

Ораза, намазбенен ісі болмай,
Мұсылман бола ма екен кісі сондай.
Қаһарға ұшыраған әжелердің,
Босайды бойындағы күші бордай.

Сөгеміз жөнсіз жүрсе келіндерін,
Келмейді айтылады тегін дегін.
Қашанда шындық сөзден шегінбедім,
Ақтарсам шығады іштен шерім менің.

Жөн сілтеп жастарына ақыл айтып,
Қатесін бетке басса бадырайтып,
Бастаса адал жолға әжелерім,
Басына оралады бақыт қайтып.

Әжелер бойындағы асылдарың
Ұқтырып ұрпағыңнан жасырмағың.
Көсемсіп көрегендік жасап олар
Болжасын болашақта ғасыр қамын.

АРАҚ, ШЫЛЫМ — ДҮШПАНЫҢ

Білсең, балам, арақ, шылым — дұшпаның
Мықты болсын оған деген ұстамың.
Жырақ жүрсең аулақ салып іргенді,
Бақытыңның жолын тауып ұшқаның.

Шылым шегіп, ішсең балам арақты,
Шығарады масқара қып бар атты.
Бәрі содан басталған соң қырсықтың,
Жұртшылықты жиіркене қаратты.

Арақ, шылым уландырып дененді,
Қартаярсың шаққа жетпей сен енді.
Спортпенен шұғылданған адамдар,
Денсаулықтың байлығына кенелді.

Ел алдында бөрік ұстап беделді,
Жаңалықтың жаршысы бол тек енді.
Ата-ананды, ар-ұятқа батырмай,
Естіртпеші қисық-қыңыр дегенді.

Алсаң, балам, жанашырлық тілімді,
Жанды салып, дамыт алға ғылымды.
Жаныңа азық, арқау етіп білімді,
Дарытпашы арақ пенен шылымды.

Жаңалықпен тереңдетіп ойыңды,
Шынықтыршы еңбекпенен бойыңды.
Өмір заңын қайта құрып дамыт деп,
Жастар үшін биік мақсат қойылды.

Үйір болып шылым менен араққа,
Жамандықты арамызға таратпа.
Жақсылықты желеу етші жаныңа,
Енді, балам, жерге бізді қаратпа!

АРНАУ

*Афина Олимпиадасының чемпионы
Баркер кубогының иегері Артаев Бахтиярға*

Даласын дүбірлеткен жат қияның,
Атағың аянбаған Бақтиярым.
Баһадыр бабалардың жолын жалғап,
Дегіздің тай басады ат тұяғын.

Қалып ед ақ жол тілеп ұлы елің,
Төңірім қабылдады ел тілегін.
Көгіме көк байрақты көтергенде,
Болды ғой жарылғандай жан жүрегім.

Азаматтық парызды өтеуге,
Тіктің басты намыс үшін қатерге.
Әнұранын көкке қанат қақтырып,
Асқақтаттың қазақ атын жат елге.

Бас көтертпей қарсыласын соққыдан,
Бұлдыратқан көз алдына көк тұман.
Жігер оты лапылдаған жүректе,
Айтарлықтай асқан ерлік жоқ бұдан.

Іске асырып анашымның арманын,
Бүгінгіні болашаққа жалғадың.
Көкіректі қуанышқа толтырып,
Думандаттың Афинаның бар маңын.

Ерлігіңе сүйсіндіріп жер үстін,
Жеңіске шаттандырдың ел ішін.
Ақ ниетті адал жүрек періштем,
Егеменді еңселі елдің ерісің.

Сиднейді сілкіндірген Бекзаттай,
Гректерді жақындаттың жекжаттай.
Ерен соққы ерлігіңді есіркеп,
Бір аунаған шығар марқұм тек жатпай.

Жеңіс туын желбіретіп ылайым,
Тіл, көздерден сақтасын деп сұраймын.
Ел алдында биік болып беделің,
Қуат, күшпен ғұмыр берсін құдайым.

*Ресейде алтын медальды жеңіп алған оқушым
Кәміл Қабибрахмановқа арнаймын*

Жарайсың Кәміл, намысты қолдан бермедің,
Сол үшін от боп жалынға түсіп терледің.
Ресейге Ақмола даңқын асырып,
Тартыста талмай көрсетіп қайрат ерледің.

Жасыңнан едің ерекше пішін өр денең,
Жанардан жарқыл от ұшқынын көрген ем.
Қоғадай жайпап, жапырып жолды кеудеңмен,
Тұрғандар болса кедергі жасап көлденең.

Ұстаздық жолмен жасыңда дәріс берген ем,
Сезіндім сонда күш барын бойда кернеген.
Мақтаныш тұтып шәкірттерді өзіндей,
Ұялмай бүгін қараймын тура елге мен.

Ақталып үміт сіңірген еңбек сен үшін,
Аралап еркін сайрандап келем ел ішін.
Өнерің өрлеп, қанатың талмай самғай бер,
Көрейін әмсе өнеріңнің сәтті жемісін.

Барселон барсаң төрінен көрін биіктің,
Ерен бір күшпен қайратты бойға жиып тым,
Бокстан ешбір жан салмай жаным алдыға,
Лағындай болып көзге түс, қалқам, киіктің.

Жасыңнан спорт болушы еді ермегің,
Жалғасып арман құлашты кеңге сермедің.
Сағымдай бұлдыр балдәурен балғын шағынды,
Еске алып бүгін ойды тербедің.

КЕЛГЕНДЕ МАМЫРЫМ

Келгенде ару мамырым,
Жанданды жердің тамыры.
Сыландап сулар жылғадан,
Ағады алмай дамылын.

Келгенде майым жаңғырып,
Жаңалықпен қарсы алам.
Еңбек отын жандырып,
Білегін түрді барша адам.

Қыратқа шығып қызыға,
Құлпырған қырға қарадым.
Ақ, сары, жасыл, қызылға
Боялған түсі даланың.

Жасыл мақпал жамылып,
Торқа киген атырап.
Гүлден алқа тағынып,
Алақан жайған жапырақ.

Қызғалдақтар жайқалып,
Желектерін жайды қыр.
Самал тербеп шайқалып,
Жұпарын шашты жайлы бір.

Әнге бөлеп маңайды,
Бейбіт өмір келбеті.
Алтын алқап арайлы,
Гүл жамылған жер беті.

Қуанышқа толтырып,
Кернеді күйлер кеудені.
Жанарларға нұр тұнған,
Шаттық үндер кеуледі.

Шалқыған шалқар сазды әуен,
Көңілге құс боп қонады.
Қызығы мол балдәурен,
Ойымды жырға орады.

Келгенде мамыр құлпырып,
Жасанып әлем нұр тұнып.
Түрленсін деп тіршілік,
Шуағын шашты күн шығып.

МЕРЕЙЛІ МАМЫР АЙЫМ

Атқанда мамыр таңы арайлана,
Малынды алтын нұрға маңай, дала.
Жамылған жасыл желек табиғаты,
Жырламай шыдар ақын қалай ғана.

Хош келдің мамыр айым шаттық шашып,
Қуаныш арнасынан асты тасып.
Төселіп жасыл кілем табаныма,
Келемін гүлжазира бақты басып.

Күй төксе көкіректен зиялы адам,
Құлпырып көрінеді қия маған.
Мамырым жақсылықты марапатта
Көңілге қасиетің ұялаған.

Жүздері балбұл жанып шаттық ойнап,
Барады дүйім халық бақты бойлап.
Сән түзеп салтанатпен қала, қырда,
Мерейлі мерекені жатыр тойлап.

Ару күн арай төгіп жер бетіне,
Өң кірді Жер-ананың келбетіне.
Жайқалып қызғалдақтар қыр басында,
Би билеп ән салады тербетіле.

Қарсы алған шаруа тартқан халық алаң,
Қашанда қатты ұнайды салтым маған.
Атаған Ақордамды Астана деп,
Нұрсұлтан Әбішұлы алтын адам.

Шырқалса Әнұраным қалаулы әнім,
От беріп сезіміне алауладым.
Көгілдір аспан түстес көкбайрағым,
Астанам қисаймасын жалауларың.

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Мен өзім ұнатпаймын өтірікті
Борсықтың көз жасынан көл тұрыпты.
Қасқырдың арландары даяшы боп,
Бөлтірігі дастарқанды толтырыпты.

Шұғыл бір хабар келіп Марстан да,
Отырып жетіп бардым арыстанға.
Жүлдені талай рет жеңіп алдым,
Қоянның көжегімен жарысқанда.

Венера Марспенен құда бопты,
Тойына шақырыпты мына көпті.
Төгіпті дастарқанға дәм орнына.
Уақтап сабан, шалғын, құрай шөпті.

Сонда мен астарынан тойып алдым,
Дауысымды содан бері жойып алдым.
Жесін деп үйдегі бала-шағам,
Мысықтың бір баласын сойып алдым.

Оралып той-думаннан келгенімде,
Айтайын түскенімдей нендей күйге.
Аюмен арпалысып жүргенімде,
Қалмапты халатымда бір де түйме.

Түймемді қадайын деп ине іздедім,
Қолыма оттан оймақ кигізгенім.
Алдыма аю келіп жүтінгенде,
Есімде басын төмен игізгенім.

Құрағын қорек етіп Нұра-Есілдің,
Тұңғиық тереңіне гүл өсірдім.
Сатқызып гүлдерімді бақаларға,
Долларға қалтам толып көл-көсірмін.

Юпитер Сатурнға құлай ғашық,
Жібереді шекараның жолын ашып.
Көргенде бірін-бірі нұры басып.
Тезірек үйленуге болған асық.

Мен өзім де ұнатпаймын өтірікті,
Көпірме бос сөздерден сел жүріпті.
Дейді ел өтіріктің өресі тар,
Сақтайық ақиқат пен тек бірлікті.

Жыр арқауы — Ұлы Жеңіс

ЕРЛІК ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Сонау бір қанды соғыс өткен шақта,
Ызғарын елімізге төккен шақта.
Аттанды ер азамат ел қорғауға,
Кеудесін қалқан етіп от пен оққа.

Менің де сол жылдары бала кезім,
Оншама оянбаған сана-сезім.
Жан жарын, боздақтарын аттандырып,
Жылаған жұрт бетіне қарап едім.

Мектептің алғаш ашып есігін мен
Кез еді әжептәуір есім кірген.
Ұстазым қанды соғыс кесірінен,
Аттанам соғысқа мен десін бірден.

Еңіреп жанар толды көз жасыма,
Төнгендей болды нәубет өз басыма.
Жылама көзінді сұрт деп жасыма,
Арқамнан қақты ұстазым кеп қасыма.

* * *

Аңсаумен ұстазымды өтті жазым,
Сұм соғыс арқалатты көптің назын.
Артынан сұрастырып іздеу салсаң,
Ол өзі Берлин үшін бопты жазым.

Ұстазым ұрпақ үшін оққа ұшып,
Жатыр ғой жат далада топырақ құшып.
Сүңгісем ой мұхиттың тереңіне
Көңілім отырады орта түсіп.

Тойлаймыз елу бес жыл жеңіс тойын,
Басталды мәз-мереке келісті ойын.
Ескерткіш өткендерге орнатылып,
Көтерді еңселі елім тегіс бойын.

Желбіреп көк байрағы Жеңісімнің,
Көңілі көтерілді ел ішінің.
Қантөгіс енді еліме оралмасын
Тілегі ақ ниетті жер үстінің.

АҚЫНДЫҚТАН ҚОЛ ҮЗІП ҚОШТАСПАЙМЫН

Тау суындай тасқындар кейде жырлар,
Көз алдыма көлбендеп бейне қырлар.
Оқырмандар жырымды зейін қойып,
Негізіне түсінген пенде құптар.

Халқым сүйіп жырымды бағалаған,
Жырдың көлін жасымнан жағалаған.
Жүрегімді жолына жалау етіп,
Жазғанымды бағалар саналы адам.

Жүректерге жол тауып жырым ерен,
Теңесумен келемін іріменен.
Жарқыраған жанардың нұрыменен,
Қаламымды мұқалтпай жаза берем,
Жыр жазбасам болмайды маза менен.

Ел-жұртым бар жырымды аялаған,
Ықыласы қашанда сая маған.
Тысқа шықсам төңірек түгел қарап,
Қошеметпен құшағын жаяды алдан.


Қарапайым қазақтың қызымын мен,
Шалқып жүрген жүректің қызуымен.
Асыл жырым сергітіп сезімдерді,
Көтеріліп көңілім жүзім күлген.

Ежелгіден болған соң басымда ұғым,
Ақ қағазға ақтардым ғасыр мұңын.
Жұртшылықпен қауышып асыл жырым,
Қызғалдақтай құлпырдым тасып нұрым.

Еңбектенем ел үшін ерінбестен,
Жалқаулыққа бой ұрып берілместен.
Шет аймаққа жол түсіп шығып кетсем,
Атамекен шықпайды керім естен.

Елге еріп еңселі көш бастайтын,
Жырларыммен жүрегім достасты айқын.
Кеудемдегі шыққанша соңғы демім,
Ақындықтан қол үзіп қоштаспаймын.

Толғаулар



ЕЛГЕ ТІРЕК

Қашанда бейбіт күнді елге тілеп,
Көтерген көк байрағым белгі тірек.
Халқымды түсінетін тереңірек,
Жанашыр жасап елге берері көп
Назарбаевтан басқаның керегі жоқ.

Ақ пейіл адал жүрек жарқын жүзді,
Жеткізген арманына халқымызды.
Сенемін бір ауыздан дауыс беріп,
Сайлайды салтанатпен халқым сізді.

Елбасы, сеніңізші сөзімізге,
Құрыштай қажыр қайрат төзім сізде.
Жер шарын жеті айналып қарасам да
Бір адам тең келмейді өзіңізге.

Жан бітіріп құрлыстардың жүрегіне,
Арнау да болашақтың түлегіне,
Сенемін ел басқарар тірегіме,
Тұлғалы парасатты азаматты,
Тәңірім берген елдің тілегіне.

Атқарған ұланғайыр еңбегіңіз,
Сіңіріп маңдай терді ерледіңіз.
Көгертіп көсегесін қалың елдің,
Алғысын ата жұрттың теңдедіңіз.

Ақ жарқын күн шырайлы келбетіңіз,
Құлашты кеңістікке сермедіңіз.
Аяқтан шалып жолда жатқандардың,
Ырқына көніп тізгін бермедіңіз.

Қасиетті Қазақстан байтақ елім,
Түлетті жырларымды қайта менің.
Жүректен ақтарылған тілегімді,
Көгерсін Елбасы деп айта берем.

Жолдаған жұртшылыққа жолдауыңыз,
Халықтың көрдік бүгін қолдауын біз.
Болашақ бағыт беріп Барыс елге
Сөздермен терең мәнді сомдадыңыз.